



БІЛІМ ЖАРЫСЫ

1998 жылғы 22 наурыздан шыға бастады

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

№ 7 (31)

6 көкек 2007 жыл

газет ішіндегі газет

АНА ТІЛІ — МЕМЛЕКЕТ ДІҢГЕГІ



Қазақстан
Республикасының
Президенті
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

*- Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің
басты факторларының бірі - еліміздің
Мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың
ана тілін одан әрі дамытуға бар
күш-жігерімізді жұмсауымыз керек*

Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімов Қостанай облысында үш күндік сапармен болып қайтты. Облыс орталығында «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» республикамыздың солтүстік облыстарында орындалу барысы талқыланып, осы мәселеге орай аймақтық көшпелі мәжіліс өткізілді.

Қостанайда мемлекеттік хатшы облыс әкімі Сергей Кулагинмен пікірлесіп, қаладағы қазақ мектептерін аралады, ұлттық мәдени орталықтар жетекшілерімен кездесті.

Мемлекеттік хатшы А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ білім орталығында болғанда ризашылық сезімін жасырмады. Республикада дәл осындай білім орталықтары некен-саяқ деген пікірін білдірді. Университет ректоры Х.Уәлиев мемлекеттік хатшыға оқу орнындағы қазақ тілін үйрету мәселесі туралы жан-жақты айтып берді.

Қостанайда өткен мәжіліс те, басқа шаралар да таза мемлекеттік тілде жүргізілгені абырой болды.

50 мың теңге жүлде

Наурыз тойын шат көңілмен қарсы алған қостанайлықтарға А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ алдында шаңырақ көтерген қазақтың киіз үйлері ерекше қуаныш сыйлап, мерекенің салтанатын көріктендіре түсті. Университет тіккен киіз үй қазақ отаулары байқауында жүлделі екінші орынға ие болды.

Университет ректоры Х.Уәлиев жүлдеге берілген 50 мың теңгені Жанкелдин ауданындағы Қарасу ауылдық округінің қазақ орта мектебіндегі Ахаң атындағы мұражайына сыйға тартты.